**Осакаров ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 19/01 қаулысы. Қарағанды облысы Осакаров ауданының әділет басқармасында 2007 жылғы 18 мамырда N 8-15-64 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы N 22/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 03.05.2016 № 22/01 (оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабы 5-2 тармақшасының, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Занының 31 бабының 1 тармақшасы негізінде, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына сәйкес және мүгедектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осакаров ауданы бойынша жұмыс орындарының жалпы санынан үш проценты мөлшерде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Н.И. Плотникова) мүгедектерді жұмысқа орналастыруға көмек көрсетсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Нүркен Сәйфиддинұлы Көбжановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Осакаров ауданының әкімі* *О. Қаппасов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК